# Орал қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 1285 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет миниКүші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 1 қаулысыменстрлігінде 2022 жылғы 28 шілдеде № 28933 болып тіркелді.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 10.01.2024 № 1 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабына сәйкес, Орал қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орал қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға келесі мөлшерде сараланатын тариф белгіленсін:

1) Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 80 (сексен) теңге;

2) жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде - 150 (жүз елу) теңге.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Орал қаласының әкімі* *М. Сатканов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Орал қалалық
мәслихаты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК